- Аспапты іске қосар алдында әр кезде оны қарап байқап шығыңыз. Аспаптың немесе желілік баусымның зақымдануы болған жағдайда аспапты ешбір жағдайда розеткаға қоспаңыз.
- Аспап пен желілік баусым олар жоғары температураның, тікелей күн сәулесінің және ылғалдың әсеріне түспейтіндей сақталуы тиіс.
- Жұмыс істеп тұрған аспапты қараусыз қалдырмаңыз! Егер Сіз енді аспапты пайдаланбайтын болсаңыз, оны әрқашан сөндіріп қойыңыз.
- Аспапты балалар үшін қолжетімді емес жерде сақтаңыз. Балаларға аспаппен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы аспапты пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.



Назар аударыңыз! Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сүмен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз.

- Ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. Аспапқа дымқыл қолыңызды тигізбеңіз. Аспап суланған жағдайда оны лезде желіден ажыратып қойыңыз.
- Аспап суға түскен жағдайда оны тез арада желіден өшіріңіз. Бұл ретте қолдарыңыз ешқашан суға батырмаңыз. Аспапты қайталап пайдаланар алдында ол білікті маманмен тексерілуі керек.
- Аспапты тек қана айнымалы ток (~) көзіне қосыңыз. Қосар алдында аспапты желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.



Аспапты сыртқы төтенше әсерлерге ұшыратпаңыз



Аспапты кез келген соққылардан сақтаңыз



Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз



Ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз.

- **Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Аспапты үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты өткір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз. Пайдалану аяқталған кезде, құралды тазалғанда немесе ол сынғанда оны үнемі желіден ажыратыңыз.
- Аспапты желілік сымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сонымен қатар аспапты желіден, оның желілік сымынан ұстап, сөндіруге тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда оның штепсельдік айырынан ұстаңыз.
- Жинақтың құрамына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану сіздің кепілдік құқығыңыздан айырады.
- Пайдаланудан кейін ешқашанда да электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, себебі уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Баусымды ауыстыруды тек қана білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа өздігіңізден жөндеу жүргізбеңіз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.
- Аспап жеткізілімі жиынтықтамасына кірмейтін аксессуарларды пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.



RoHS

Назар аударыңыз! Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осылай қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.



Назар аударыңыз!

Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына хабарласыңыз.

ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Осы аспап тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған.
- Жұмыс істеп тұрған аспапты қараусыз қалдырмаңыз.
- Аспапты балалар үшін қолжетімді емес жерде сақтаңыз.
- Аспапты желіге қосар алдында қақпақ тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.
- Тек вакуумдық қаптамаға сәйкес келетін сапалы пакеттерді ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Пакеттер микротолқынды пеште жібітуге және қайта қыздыруға жарамды, бірақ тамақ пісіруге арналмаған. Бірнеше тесіктерді тесіңіз немесе вакуумдық пакеттің жиектерін тесіңіз, теспесе ылғал микротолқынды пеште дәнекерленген қапшықтың жарылуына әкелетін қысым жасай бастайды. Пакеттерге қатысты көзделген температуралық көрсеткіштерден аспаңыз.
- Аспап сақтандырылғышпен жабдықталған, ол қызып кеткен жағдайда оны өшіреді. Егер бұл орын алса, аспапты розеткадан ажыратып, суытыңыз. Осыдан кейін оны қайтадан қолдануға болады.
- Процестен кейін бірден тігіске қол тигізбеңіз.

- Зақым келтірмеу үшін тығыздағыш таспаны, резеңке жолақты немесе губка тығыздағышты ұстамаңыз. Бұл бөліктер қосылыс пайда болған кезде қызады.
- Аспапты жүктемесіз пайдаланбаңыз. Аспапты дұрыс пайдаланбау оның қызмет мерзімін қысқартуы мүмкін. Жұмыс істеп тұрған аспапты қараусыз қалдырмаңыз.
- Аспап суып үлгеруі үшін, пакеттерді дәнекерлеу циклдері арасында 40 секундтан кем емес үзіліс жасау керек.
- Қыздыру кезінде аспаптың қақпағын ашық күйде қалдырыңыз. Аспаптың үзіліссіз жұмыс істеуінің максималдық уақыты 15 минутты құрайды. Содан кейін оны шамамен 30 минут салқындату керек.
- "Тазалау және күтуде" көрсетілген тазалауды қоспағанда, электр аспабына қанадй да бір басқа күтім жасамаңыз.

1



Балаларды аспаппен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асырыңыз

2



Аспапты ыстықтан, тура күн сәулелерінен және ылғалдан қорғаңыз.

3

MAX = 15 мин.
Үзіліс – 30 мин.



Аспаптың үзіліссіз жұмыс істеуінің максималдық уақыты 15 минутты құрайды. Үзіліс – 30 мин.

4



Сақ болыңыз! Жұмыс кезінде құрылғының бөліктерін ұстамаңыз - олар қызып тұрады!

ПАЙДАЛАНУ АЯСЫ

- Аспап осы нұсқаулыққа сәйкес тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған.
- Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.


ЖИЫНТЫҚТАМА

1.	Аспап	1 дана.
2.	Вакуумдеуге арналған құбырышек	1 дана.
3.	Құмыраларды вакуумдеуге арналған қондырма	1 дана.
4.	Вакуумдық орам 28 см х 3 м	1 дана.
5.	Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана.
6.	Кепілдік талоны	1 дана.

АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Вакууматор - өнімдерді вакуумдық қаптауға арналған құрал.

Вакуумдау шаңнан, кірден қорғауға, хош иісті сақтауға және тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Сақтаудың бұл әдісі тағамның ауамен әрекеттесуі арқылы пайда болатын бактериялардың даму қаупін азайтады. Пакеттен ауаны шығару ашыту, тотығу және булану процестерінің баяулауына кепілдік береді, бұл әртүрлі тағам өнімдерінің жағымды сыртқы түрі мен сапасын сақтауға мүмкіндік береді.



Жабық күйде қақпақты
бекітуге арналған
ілгектер

Вакуумдық камераның
тығыздағыштары

Термиялық тұрақты
қысу

Вакуумдық үлдір
орамының ойығы


Кескіш

Пышақтың
бағыттаушысы
(ұстағышы)

Дәнекерлеу (қыздыру) планкасы

Вакуумдық камера


Ысырманы бұғаттан шығару
батырмасы
(аспаптың екі жағында
орналасқан)




ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

1. Бүкіл қаптама материалды алып тастаңыз.
2. Аспапты үстел мен қабырғалардың жиегінен кемінде 10 см қашықтықта тегіс құрғақ көлденең бетке орнатыңыз.
3. Аспапта көрсетілген кернеу желі кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
4. Қуат көзі шнурын құрылғының артқы жағындағы жалғағышқа қосыңыз.
5. Шнурдың вилкасын электрлік қуат көзіне қосыңыз. Басқару панелінде барлық шамдар қысқа мерзімге жанып, барлық индикаторлар сөнеді, тек "Cancel" батырмасынан басқасы.


** Әрекетсіздіктің шамамен 5 минутынан кейін, вакууматор автоматты түрде өшеді. Құрылғыны жұмыс күйіне қайтару үшін вилканы розеткадан шамамен 10 секундқа шығару керек. Осыдан кейін аспапты желіге қайта қосуға болады.*



Аспапты таза тегіс бетке орнатыңыз.



Аспапты желіге қосыңыз



Басқару панелінде барлық шамдар жанып, индикаторлар сөнеді.

ВАКУУМДЫҚ ҮЛДІР ОРАМЫНАН ПАКЕТ ЖАСАУ

Сіз вакууматорға арналған орамды үлдірден пакет жасай аласыз. Вакуумдық үлдір орамдарымен жұмыс істеу үшін бұл модельде орамға арналған арнайы бөлім және кескіш қарастырылған.

Алдымен пакеттің түбін үлдір жеңінің ашық ұшын мөрлеу (дәнекерлеу) арқылы жасаңыз, ол үшін:

1. Қажет болса, аспаптың бүйірлеріндегі бұғаттан шығару батырмаларын алдын ала басу арқылы вакууматор қақпағын ашыңыз.
2. Кескіштің бағыттағышын (ұстағышын) жоғары көтеріңіз.
3. Вакуумдық үлдір орамын оған арналған ойыққа салыңыз (суретте.1 орам қазірдің өзінде ойыққа орналастырылған).
4. Орамнан қажетті ұзындықтың бір бөлігін ораңыз.
5. Пышақтың (кескіштің) шеткі сол жақта немесе оң жақта екеніне көз жеткізіңіз.

6. Пышақтың бағыттағышын (ұстағышын) вакуумдық үлдірге түсіріп, аздап басыңыз. Үлдір пышақтың сыртына шықпауы керек.

7. Пышақпен (кескішпен) сырғыту арқылы үлдірді кесіңіз.







8. Үлдірдің Кесілген бөлігінің шетін (тегіс жағын төмен қаратып) вакуумдық камераның тығыздағышы мен дәнекерлеу (жылыту) жолағының арасына қойыңыз.

9. Қақпақты босатып, жабыңыз, қақпақтың бұрыштарын жоғарыдан төменге қарай өзіне тән шертпекке дейін басыңыз.

10. "Seal" батырмасын басыңыз, бұл кезде онда индикатор жанады және дәнекерлеу (қыздыру) элементі дәнекерлеу тігісін қалыптастыра бастайды.

11. Индикатор сөнгеннен кейін тігісті сәл салқындату үшін 2-3 секунд күтіңіз.

12. Ілгекті бұғаттан шығару батырмасына басу арқылы, аспаптың қақпағын ашып, мөрленген пакетті алыңыз. Сіз пакеттің түбін жасап шығардыңыз.



ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ


8.1. ҚҰРҒАҚ "DRY" /ЫЛҒАЛ "MOIST" ӨНІМДЕРДІ ВАКУУМДЕУ

Жұмыс процесі:

1. Дәнекерленуі керек өнімдерді пакетке салыңыз (алдын ала, пакетті дайындап, түбін дәнекерлеу керек, алдыңғы бөлімді қараңыз)
2. Аспаптың қақпағын ашып, пакеттің шетін вакуумдық камераның ортасына орналастырыңыз.
3. Қақпақты жабыңыз, қақпақтың бұрыштарын жоғарыдан төменге қарай өзіне тән шертпекке дейін басыңыз.
4. Вакуумдеу процесін бастау үшін Dry" немесе "Moist" батырмасын басыңыз.
5. Қажетті вакуум пайда болған кезде ауаны айдау процесі автоматты түрде аяқталады және аспап дәнекерлеу тігісін қалыптастыру режиміне ауысады.
6. Дәнекерлеу процесі аяқталғаннан кейін «Dry»/«Moist» және «Seal» батырмаларының индикаторлары сөнеді. Дәнекерлеу тігісі аздап сууы үшін 2-3 сек.күтіңіз. Дәнекерлеу орнында берік тігіс пайда болады.
7. Ілгекті бұғаттан шығару батырмасына басу арқылы, аспаптың қақпағын ашып, мөрленген пакетті алыңыз.
8. Тігістің сенімділігін тексеріңіз



Ескерту: құрылғыға салқындау үшін уақыт беріңіз. Дәнекерлеу тігісін жасау арасында 40 секундтан кем емес үзілістер жасаңыз. Өте қарқынды пайдаланған кезде, қызып кетудің алдын алу үшін аспап автоматты түрде өшеді. Егер бұл орын алса, құрылғы салқындауы үшін шамамен 25 минут күтіңіз. Мөрлеу немесе вакуумдеу процессін тез арада тоқтату үшін "Cancel" батырмасына басыңыз.







PULSE ҚОЛ РЕЖИМІНДЕ ВАКУУМДАУ.

Сіз ауаны айдау процессін бақылау және жұмсақ өнімдердің зақымдануының алдын алу үшін "Pulse" вакуумдау қызметін пайдалана аласыз. Кейбір дымқыл өнімдерді қаптау кезінде сіз бұл функцияны қолдана аласыз және сол арқылы сұйықтықтың сорылып кетуінің алдын аласыз.

Жұмыс процесі:




1. Дәнекерленуі тиіс өнімдерді пакетке салыңыз.
2. Аспаптың қақпағын ашып, пакеттің шетін вакуумдық камераның ортасына орналастырыңыз.
3. Қақпақты жабыңыз, қақпақтың бұрыштарын жоғарыдан төменге қарай өзіне тән шертпекке дейін басыңыз.
4. Ауа жеткілікті мөлшерде айдалды деп есептегенге дейін, "Pulse" батырмасын басып, ұстап тұрыңыз. Жұмыс кезінде сіз "Pulse" батырмасын босатып, вакуумдеуді тоқтата аласыз, бұл ретте пакеттен ауаны айдау тоқтайды.
5. Пакетті мөрлеу үшін "Seal" дәнекерлеу батырмасына басыңыз.
6. Батырманың индикаторы сөнгеннен кейін, 2-3 секунд күте отырып, аспаптың қақпағын ашыңыз да, ілгекті бұғаттан шығару батырмаларына басып, дәнекерленген пакетті алыңыз.



"CANISTER" ҚҰМЫРАЛАРЫН ВАКУУМДАУ

Жұмыс тәртібі:

- Вакуумдауға арналған қондырманы бөтелкеге қойыңыз.
- Вакуумдық құбырішекті аспап портына, ал екінші ұшын қондырма портына жалғаңыз.
- Вакууматордың қақпағын жабыңыз, қақпақтың бұрыштарын жоғарыдан төменге қарай өзіне тән шертпекке дейін басыңыз.
- Ауаны айдауды бастау үшін "Canister" батырмасына басыңыз.
- Ауаны айдауды тоқтату қажет болса, "Cancel" батырмасына басыңыз.
- Вакуумдық процесс аяқталғаннан кейін аспап автоматты түрде тоқтайды. Вакуумдық құбырішекті тығыннан және аспаптың портынан алыңыз.
- Тығын бөтелкедегі сұйықтықпен жанаспайтынына көз жеткізіңіз.



Ескертпе. Суреттер мен иллюстрациялар таныстыру мақсаттарында келтірілген және бұйымның нақты сыртқы көрінісінен ерекшеленуі мүмкін. Бұйымның құрастырылым және техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

"CANISTER" КОНТЕЙНЕРІНЕ ВАКУУМДЫҚ ҚАПТАМА

Жұмыс тәртібі:


- Өнімдерді вакуумдық контейнерге салыңыз (керек-жарақтар жинағына кірмейді).
- Контейнерді қақпақпен жабыңыз.
- Вакуумдық құбырішекті аспап портына, ал екінші ұшын контейнер қақпағының тесігіне жалғаңыз.
- Сыртқы контейнерден ауаны айдау үшін "Canister" батырмасын басыңыз. Ауаны айдау процессі аяқталғаннан кейін, аспап автоматты түрде сөнеді.
- Алдымен құбырішекті сыртқы контейнер қақпағының тесігінен ажыратыңыз, және содан кейін ғана оны электр аспабындағы ауаны айдау тесігінен ажыратыңыз.
- Азық-түлікті сақтау мерзімін одан әрі ұзарту үшін вакуумдық контейнерді тоңазытқышқа салыңыз.
- Тағамды контейнерден шығармас бұрын, оны ауамен толтыру үшін қақпақтағы батырманы басыңыз. Осыдан кейін қақпақты ашыңыз.
- Қысқа толқынды пеште қыздыру алдында контейнердің қақпағын алу қажет.



1
Өнімдерді вакуумдық
контейнерге салыңыз
және қақпақпен
жабыңыз



2
Вакуумдауға арналған
қондырманы
контейнерге
қойыңыз.



3
Вакуумдық
шлангты құрылғы
портына қосыңыз



4
Құрылғының қақпағын жабыңыз және бекіту
үшін бұрыштарды басыңыз



Ауаны айдауды бастау үшін "Canister"
батырмасына басыңыз.
Процесс аяқталғаннан кейін құрылғы
автоматты түрде тоқтайды.

ТАЗАЛУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ

- Аспапты тазартар алдында оны желіден ажыратыңыз.
- Су электрлік қосылыстарға түспеуін үнемі қадағалаңыз.
- Вакууматордың бөлшектеріне күтім жасау үшін қазақ тазартқыш құралдарды, тырнайтын құралдарды және органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Аспапты суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Аспапты ыдыс жуатын машинада жумаңыз.
- Аспапты сыртқы жағынан ылғалды матамен сүртіп алыңыз.
- Вакууматорды құрғақ салқын жерде бірегей қаптамада сақтаңыз.
- Қақпағы бекітілген вакууматорды сақтау ұсынылмайды, кері жағдайда вакуумдық камераның тығыздағыштары ұзаққа созылған қысу салдарынан деформациялануы мүмкін, бұл вакуумдау кезінде ауаны өткізуге әкеледі.



Назар аударыңыз!


Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына хабарласыңыз.




Тазалар алдында аспапты желіден ажыратыңыз. Ылғал матаны пайдаланыңыз



Құрылғыны қақпағы бекітілген күйде сақтау ұсынылмайды. Жай жабық күйде қалтырыңыз



Суға салмаңыз, электрлік қосылыстарға су түспеуін қадағалаңыз



Аспапты ыдыс жуатын машинада жумаңыз

ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

- Электр аспаптары қоршаған ауаның температурасы плюс 40°C-ден аспайтын, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын және қоршаған ортада электр аспаптар материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да булар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.
- Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз
- Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.
- Аспаптардың тасымалдануын осы түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау және механикаландырылған тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ететін ережелерге сәйкес жабық көлік құралдарында көліктің барлық түрлерімен жүргізеді.
- Аспаптарды тасымалдау кезінде зақымданудан қорғаныс - өнімнің сапасы мен тұтынушылық ыдыстың сыртқы көрінісі қамтамасыз етілуі тиіс.



Сіздің аспабыңызды пайдалану кезінде өрттің, электр токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс істеген кездегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электр құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды қатаң сақтаңыз.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.



Ескерту: Электр аспаптың пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Ақаулық	Ықтимал себептер	Жою тәсілдері
Вакууматор жұмыс істемейді	▪ Электрлік қуат көзі кабелінде немесе вилкада ақаулық бар	▪ Авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз
Пакетті дәнекерлеу орындалмайды	▪ Пакет вакуумдық камераға дұрыс орналаспаған ▪ Пакеттің ішкі бөлігінде сұйықтық	▪ Пакетті нұсқаулыққа сай орналастырыңыз ▪ Пакетті дәнекерлеу орнында сүртіңіз.
Пакетте толық вакуум жасалмайды	▪ Тығыздағыштарда кір бар ▪ Пакет вакуумдық камераға дұрыс орналаспаған	▪ Тығыздағыштарды тазалаңыз ▪ Пакетті нұсқаулыққа сай орналастырыңыз
Пакет қате дәнекерленеді	▪ Қыздырғыш элемент шамадан тыс қызған, пакет балқиды	▪ Аспаптың қақпағын ашыңыз және оны бірнеше минут бойы суытыңыз
Мөрлегеннен кейін пакет вакуумды ұстамайды	▪ Дәнекерлеу тігісі бойымен бетінде қатпарлар, үгінділер, май және сұйықтық болғандықтан, ағып кету бар.	• Пакетті ашыңыз да, пакеттің ішкі бөлігін тазалаңыз және пакетті қайта дәнекерлемес бұрын, сол жерде болуы мүмкін бөгде заттарды дәнекерлеу пластинасынан алыңыз

Өнім дұрыс вакуумдалған, бірақ уақыт өте келе онда ауа пайда болды	▪ Бактериялардың анаэробты ▪ өсуі жүрді (бактериялардың ауасыз өсуі)	• Көкөністер мен жемістерді вакуумдық қаптаманың алдында бланширлеп, сосын мұздату ұсынылады.
---	---	---

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PVS 1310 – POLARIS сауда белгісінің тұрмыстық электрлік вакууматоры

Кернеуі: 220 – 240 В

Жиілігі: ~50-60 Гц

Қуаты: 100 Вт

Қорғаныс санаты: II



Ескерту: өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы бұған назар аударады және бұған түсінікпен қарайды деп үміттенеді. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың өзекті нұсқасын Сіз www.polaris.ru сайтынан таба аласыз.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», сонымен қатар КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады және Кедендік одақтың мүше-елдерінің нарығында өнімдерді ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның қызмет көрсету мерзімі: 3 жыл
Кепілдік мерзімі: сатып алған күннен бастап 1 жыл
Өндірілген күні бұйымда көрсетілген.
Өткізу ережелері белгіленбеген.

Өндіруші:

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД

Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидо, Цыси, Чжэцзян провинциясы, ҚХР

Manufacturer:

NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

Зауытта:

XIAMEN C&D LIFESTYLE CO., LTD.

УНИТ Ц, 17ТХ ФЛООР, Ц&Д ИНТЕРНАЦИОНАЛ БУИЛДИНГ, НО.1699 ХУ АНДАО ЕАЦТ РОАС, ХИАМЕН, ЧИНА

At factory:

XIAMEN C&D LIFESTYLE CO., LTD.

UNIT C, 17TH FLOOR, C&D INTERNATIONAL BUILDING, NO.1699 HU ANDAO EACT ROAS, XIAMEN, CHINA

Қытайда өндірілген.

Импорттаушы және РФ мен Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі өндірушінің уәкілетті өкілі: "ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат І- үй-жай 13-бөлме

Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны: 8-800-700-11-78

Authorized representative of the manufacturer in EU: JSC "HTV1", Švitrigailos g. 11 A, Vilnius, LT-03228

КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Тұрмыстық электрлік вакууматор

Модель: PVS 1310

Осы кепілдік өндірушімен Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тұтынушы құқықтарына қосымша ұсыналады және оларды ешқандай жағдайда шектемейді.

Осы кепілдік бұйымды сатып алынған күннен бастап 12 ай бойы әрекет етеді және материалдар мен жұмысқа байланысты ақаулар табылған жағдайда бұйымға кепілдік қызмет көрсетілетін білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы, басқаларға қоса, бұйымды тегін жөндеуге құқылы.

Осы кепілдік келесі шарттар сақталған кезде жарамды:

1. Кепілдікті міндеттеме компания шығаратын кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым тек жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым «Пайдалану бойынша нұсқаулыққа» қатаң сәйкестікте қауіпсіздік ережелері мен талаптарын сақтай отырып пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік бойынша өндірушінің міндеттемелерін сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсету (сервистік) орталықтары орындайды. Осы кепілдік өндірушімен уәкілетті етілмеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға қолданылмайды, олар тұтынушы алдында заңнамаға сәйкес өздігінен жауап береді.
4. Осы кепілдік мыналардың нәтижесінде пайда болған ақаулар мен бұйымның сыртқы өзгеруіне қатысты болмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуі;
 - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
 - Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділерінен.
 - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
 - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған үчаскелерінде металл жемірілуінен;
 - Өңдеу бөлшектерінің, қондырмалар мен аксессуарлардың, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандардың, қоқыс жинағыштардың, тығыздағыш элементтердің, белдіктердің, щеткалардың пайдалану мерзімі шектеулі басқа бөлшектердің және пайдалану барысында табиғи тозуға бейім бөлшектердің тозуы;
 - Авторизацияланған сервис орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуіне;

5. Осы кепілдік осы талонның түпнұсқасымен бірге сатушы берген тауарлық чек түпнұсқасы және ақаулар анықталған бұйым ұсынылғанда жарамды.
6. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бұйымдарға жарамды және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарға пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

POLARIS бұйымдарына кепілдікті қызмет көрсетудің барлық сұрақтары бойынша POLARIS ең жақын орналасқан ресми сатушысына жүгініңіз.

Жабдықта ақаулықтар анықталған жағдайда дереу сервистік орталықпен хабарласу ұсынылады.

*Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: www.polar.ru

Жеткізуші тасымалдау кезінде бұйымды бүлдіруге байланысты залал үшін, дұрыс пайдаланбау нәтижесінде, сондай-ақ бұйымды түрлендіруге немесе өз бетінше жөндеуге байланысты ешқандай жауапкершілік көтермейді.

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз. Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

